

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАФЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



**G•GLOBAL**

Х Астана экономикалық форумы аясындағы  
**«ӘЛЕУЕТТІ МУМКІНДІКТЕР НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ  
ЭКОНОМИКАСЫНЫң БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТАРЫУ ЖӘНЕ  
ӘРТАРАПТАНДЫРУЫН ЖЕДЕЛДЕТУ»**  
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының  
**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАГЫ**  
**II БӨЛІМ**  
15 маусым 2017ж.

**СБОРНИК ТРУДОВ**  
международной научной конференции молодых ученых  
**«УСКОРЕНИЕ ДИВЕРСИФИКАЦИИ И ПОВЫШЕНИЕ  
КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ  
КАЗАХСТАНА НА ОСНОВЕ ПОТЕНЦИАЛЬНЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ»**  
под эгидой X Астанинского экономического форума  
**ЧАСТЬ II**  
15 июня 2017г.

**PROCEEDINGS**  
of the international scientific conference of young scholars  
**«ACCELERATING DIVERSIFICATION AND IMPROVING THE  
COMPETITIVENESS OF KAZAKHSTAN'S NATIONAL ECONOMY BASED  
ON POTENTIAL OPPORTUNITIES»**  
in the framework of the X Astana Economic Forum  
**PART II**  
15 June 2017

Астана, Қазақстан  
Astana, Kazakhstan

**УДК 330.(063)**

**ББК 65.01**

**Ә53**

**Редакционная коллегия:**

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,

Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.

Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.

Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.

Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н., доцент Алибекова Б.А.

Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.

Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент Бабланов Т.К.

Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А., к.э.н., и.о. доцента Мусина К.П.

**Ә53 Әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және әртараптандыруын жеделдету:** Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф.еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2017.

**Ускорение диверсификации и повышение конкурентоспособности национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей:** Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2017.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**Accelerating diversification and improving the competitiveness of Kazakhstan's national economy based on potential opportunities**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2017.

**ISBN 978-9965-31-871-9**

**ISBN 978-9965-31-869-6**

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жогарылату және әртараптандыру жеделдетудің және ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жогарылату мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы диверсификации национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of Kazakhstan's national economy diversification based on potential opportunities and development of recommendations for improving the competitiveness of the country's economy.

**ISBN 978-9965-31-871-9**

**ISBN 978-9965-31-869-6**

**УДК 330 (063)**

# **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ ЖАҢАНДЫҚ БӘСЕКЕҚАБІЛЕТТІЛІК ИНДЕКСІ**

***Амренова Ф.К., Кенешева Г.А.***

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.,  
Қазақстан Республикасы, Қазақтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті,  
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы  
E-mail: amrenova1969@mail.ru, gizzat@yandex.ru

«Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында: «Бұғін мен Қазақстанды Үшінші жаңғырту жөнінде міндеп қойып отырмын. Елдің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін экономикалық өсімнің жаңа моделін құру қажет... деп айтып кеткен[1]. Осыған орай бәсекеге қабілеттіліктің мәселелеріне:

Бәсекеге қабілеттілік – бұл құрделі экономикалық категория, әр деңгейде қарастырылады: тауар, өндіруші, салалар, мемлекет. Осы деңгейлер арасында тығыз байланыс бар. Мемлекеттік және салалық бәсекеге қабілеттілік тауар өндірушінің бәсекеге қабілетті тауар шығаруына байланысты[2].

Тауардың бәсекеге қабілеттілігі түсінігі тауардың сапалық, құндық және тұтынушылық комплексі, оның сәттілігін ішкі де сыртқы нарықта анықтайды. Тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін тек тауар - аналог салыстыру арқылы анықтайды. Тауарлық бәсекеге қабілеттілік әр жоспарлы факторға байланысты. Оның ішінде: өндіріс шығындары, еңбек өнімділігі, еңбек қарқындылығы. Қазіргі уақытта бірінші жоспарға бағалық емес факторлар кіреді, оның ішінде өнімнің сапасы, жаңашылдығы, ғылыми сиымдылығының ерекше мәні бар. Сондыктан әлемнің көптеген елдері өнімнің және технологияның инновациясын қолданумен бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Ұлттық бәсекеге қабілеттілік оның әрдайым дамудағы өнеркәсіпті және инновацияны қолдануымен анықталады. Бастанқыда ұлттық компаниялар бәсекелі артықшылықтарын іске асырады, яғни бәсекелесіп отырған негізін өзгерту арқылы. Артықшылықты ұстап тұруға тауар өндіру, өндіріс және басқа факторлар тәсілдері сонымен қоса бәсекелестер оларды құып жете алмайтындей тез жасау мүмкіндік береді.

Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін мемлекеттің еркіті бәсеке шартында тауар мен қызмет көрсетуді өндіруге мүмкіншілігі арқылы анықтауға болады, ол тауарлар халықаралық нарықтың, яғни мемлекеттің жағдайын және оның халқының жағдайын жоғарлататын талаптарға сай болуы тиіс.

М. Портер «халықаралық бәсекелестік» еңбегінде жаһанданудың ұлғаюына байланысты халықаралық бәсекеге қабілеттілік нақты, локалды шарттарға тәуелді факторлар жиынтығымен, «ұлттық ромб» арқылы анықталады. Ол өзіне 4 компонентті құрайды:

1. факторлық шарттар – яғни, адами және табиғи ресурстар, ғылыми ақпараттық потенциал, капитал, инфрақұрылым, оның ішінде өнім сапасы.

2. ішкі сұраныс шарты – яғни, ішкі нарықта оның өніміне сұранысқа байланысты, нарық сұранысының техникасына сәйкестігі, сұраныс көлемінің дамуы.

3. туыстық және қуатты салалар – яғни мемлекетте туыс және қуатты салалардың, оның ішінде халықаралық нарықта бәсеке қабілетті, жоқ болуы. Мысалы, шикізат түсінін сферасы және жартылай фабрикаттардың, жабдықтар, шикізат қолдану сферасы, жабдықтарды қолдану, технологиялар сферасы.

4. фирма құрылымы мен стратегиясы, ішкісалалық бәсеке – яғни мемлекетте фирмалардың басқаруы мен жасалуын анықтайтын процесс және ішкі нарықтарға бәсекелес мазмұнын, жағдайын анықтайды[3].

Еңбектің халықаралық бөлінісінің дамуы белгілі бір саланың бәсекеге қабілеттілік деңгейі әлем аренасындағы мамандану мен анықталады.

АҚШ – та бәсекеге қабілетті авияцияларын және аэроғарыш салалары, жаң – жақты машина құрылымы, көлік құрылымы, суперкомпьютерлер өндіру және бағдарламалық қамтамассыз етуді жасау.

Жапония әлем нарығында бәсекеге қабілетті электронды және электроникалық, көлікті, сотқұрылымы, станок құрылымы және т.б салалар.

Азияның жаңа индустримальды мемлекеттері (Корея, Тайвань, Гонконг, Сингапур, Малайзия, Тайланд) көпшілік тұтынатын тауар өндірудің бәсекеге қабілеттілігін жасады, сонымен қоса ғылыми сиымды өнімдер (электронды компаненттер, дербес компьютерлер, микро ЭЕМ, перифермілік құралдар және т.б) және сәтті бәсекелеседі. Жапонияның және Батыс Еуропаның аналогиялық өнімдерінен бәсекелеседі. Фирманың бәсекеге қабілеттілігі басымды бәсекелестер ретінен тұрады, олар әлемдік нарықта шетел бәсекелес – фирмаларының көрсеткіштеріне сәйкес салыстыру айырмашылығы көрінеді. Маңызды бәсекенің артықшылығына келесілерді жатқызуға болады: өндіріс ыргақтығы, инновациялық қызметтің мазмұны, еңбек өнімділігінің деңгейі, фирманы жоспарлау және басқарудың стратегиялық тиімділігі, ыңғайластыру(нарық шарттары мен талаптарының өзгеруіне тез әсер етеді) және т.б. Сірә, компанияда бәсекелі артықшылықтары көп болса олардың сапалық мазмұны да жоғары.

Қазіргі кезде бәсекеге қабілеттілік деңгейінің бағалауы жыл сайын бәсекеге қабілеттіліктің жаһанды индексі, әлемдік экономикалық форум құраған, бағаланады. БЖИ есептеу әдісі 9 параметрлерден тұрады, ол 3 топқа біріккен.

- «Тиімділікті қүшеткіштер» үш параметрлерден тұрады - жоғарға оқу мен оқыту, нарықтық тиімділік, технологиялық дайындық.

- « Инвестициялық факторлар» тобы екі параметрлерден тұрады – бизнес пен инновацияның дамығаны.

- «Базалық сұраныстар» төрт параметрлерден тұрады - институттар, инфрақұрылым, макроэкономика, денсаулықты сақтау және бастапқы оқыту[4].

Әр бағытты есептеу статистикалық берілгендер мен сұрау нәтижесі қолданылады, жылы 89 көрсеткіш есептеп шығарылады. Барлығы 125 ел бағаланады. Лидерлер қатарына (кему бойынша - Швейцария, Финляндия, Швеция, Дания, Сингапур, АҚШ, Жапония, Германия, Нидерланды, Ұлыбритания, Гонконг, Норвегия және т.б).

Қазақстан 2016-2018 жылдарға арналған әлемдік бәсекеге қабілеттілік рейтингінде 53 орын алды (2015 жылы 42 орында болған). Дүниежүзілік экономикалық форум дайындаған рейтингте жеті баллдық есептеу бойынша Қазақстанның көрсеткіші 4,49-тен 4,41-ке.

Рейтингте биыл жетінші жыл қатарынан Швейцария бірінші орында тұр. Екінші орында Сингапур, үшінші орында АҚШ тұр. Германия төртінші орыннан бесінші орынға түсken. Алғашқы ондыққа Жапония, Гонконг, Финляндия, Швеция мен Нидерланды енген.

ТМД елдері арасында Әзербайжан 40-орында, Ресей 45-орында тұr. Откен жылы Ресей рейтингте 53-орында болған. 140 мемлекетке талдау жасаған рейтингте Грузия 66, Украина 79, Тәжікстан 80, Армения 82, Молдова 84, Қырғызстан 102 орында тұr.

Осы жылы рейтингті соңғы 6 жыл қатарынан тұрақты жайғасымға ие болып отырған Швейцария бастап отыр. Көшбасшы 5 елдің ішінде Сингапур, АҚШ, Финляндия және Германия орналасқан.

## Экономикасы ең бәсекеге қабілетті елдер

<b>Елдер</b>	<b>ЖБИ 2016-2015</b>	<b>ЖБИ 2015-2016</b>	<b>Өзгеру</b>
Швейцария	1	1	-
Сингапур	2	2	-
АҚШ	3	3	-
Нидерланды	4	5	+1
Германия	5	4	-1
Швеция	6	9	+3
Жапония	8	6	-2
Гонконг	9	7	-2
Финляндия	10	6	-4
<b>Қазақстан</b>	<b>53</b>	<b>42</b>	<b>-11</b>

Қазақстан даму деңгейі әлдеқайда жоғары елдер тобында орналасқан, мұнда тиімділік және экономикалық даму факторлары үлкен рөлге ие болып отыр.

ТМД елдері арасында Әзіrbайжан тұракты жайғасымға ие (37-орын). Бұдан кейін Ресей (43-орын), Украина (85-орын), Молдова (100-орын), Армения (79-орын), Тәжікстан (77-орын) және Қыргызстан (111-орын) орналасқан.

Рейтингке қатысадын барлық елдер экономиканың даму кезеңдері бойынша бөлінеді. Елдерді бөлу критерийі жан басына шаққандағы ЖІӨ деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Алайда минералдық ресурстарға тәуелділігі жоғары елдердің, оның ішінде Қазақстанның даму кезеңін анықтау үшін ел дамуының негізгі факторлардан тәуелділік дәрежесін өлшейтін екінші критерий пайдаланады. Бұл критерий соңғы бес жылда экспорттың жалпы құрылымында (тауарлар мен қызметтер) шикізат экспорттының үлесі бойынша анықталады. Жалпы экспортта шикізат ресурстарының экспорт үлесі 70% және одан жоғары болатын елдер дамудың 1-санатына жатады (факторлық даму кезеңі).

Бәсекебілітіліктің 12 фактор арасында 5 фактор бойынша Қазақстанның жайғасымдардың жақсаруы және 7 фактор бойынша нашарлауы байқалады. ЖБИ 114 көрсеткіштен есептеледі, оның 34-і статистикалық мәліметтер негізінде, ал қалғандары орта және ірі кәсіпорындар басшыларының бағалаулары негізінде есептеледі. 144 көрсеткіштен экономикалық дамудың түрлі деңгейлерінде орналасатын әлем елдерінің бәсекеге қабілеттілігін сипаттайтын 12 бәсекеге қабілеттілік факторларын шығарылады.

ДЭФ сарапшыларының бағалауынша Қазақстанның бәсекелес артықшылықтары Инновациялар (59, +13) болып табылады.

Қазақстанның ең әлсіз жайғасымдары Макроэкономикалық орта (69, -44), Бюджеттік баланс (108, -98), Займдарға қол жетімділігі (89, -45), Венчурлік капиталға қол жетімділік (92, -33) бойынша байқалады.

Қазіргі жағдайда бәсекеге қабілеттілік макроэкономикалық факторларды ғана емес, жұмыс күшінің сапасын, оның инновацияларды тәжірибеде енгізе алу қабілетін де ескереді. Білім берудің жоғары деңгейі – ұлттық экономиканың маңызды қозғаушы күші, ол (басқа факторлармен бірге) отандық экономиканың инновациялық жолға аудысу және бәсекеге қабілеттілігін арттыру барысында кеңінен пайдалануы тиіс.

«Экономикалық зерттеулер институты» АҚ сарапшыларының пікірінше Қазақстан бәсекеге қабілеттілігі өсүнің ең маңызды факторлары ЖІӨ-гі жеке сектор үлесінің өсүі және жаңа жұмыс орындарының құрылуды, инновациялардың енгізілуі, нарықта бәсекелестікі қолдауға бағытталған саясаттың әзірленуі, институтционалдық жүйенің жетілдірілуі, еңбек өнімділігінің өсүі, тікелей шетел және ішкі инвестициялардың тартылуы, сыртқы және ішкі нарықтың кеңеюі болып табылады.

## Әдебиет:

1. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы/ 31.01.2017 ж.
2. Сальжанова З.А. Теория рыночной конкуренции: учебное пособие-Караганда: ТОО «Санат-Полиграфия», 2006.
3. Портер М. Конкуренция. –М.: Издательский дом «Вильямс», 2005

## ҚР АЙМАҚТАРЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТИНІҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ


*Каркинбаева Ш.И., Ауезова К.Т., Калиева Д.С.*

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан  
E-mail: sholpanka\_k@mail.ru, karlygash.ayezova@mail.ru, kaliyeva\_ds@mail.ru

Мемлекетіміздің даму стратегиясындағы инновациялық бағыт – бұл ұрпақ үлесін ғасырлар қойнауына апаратын сара жол. Инновация дегеніміз – жаңалықтарды іске асыра отырып, жасалынып жатқан үдерістер мен өнімдердің сапасын арттырып, олардың нарық үшін бәсекеге қабілетті ету болып табылады. Осы жағдайға байланысты Қазақстан Республикасының жаңаруы жағдайындағы мемлекеттік құрылымның барлық саласында инновациялық зерттеулер жүргізу бүгінгі қоғамның сұранысы.

Тәуелсіздік алғаннан бері 25 жыл ішінде еліміз ғасырға таттын жетістіктерге жетіп, дамудың инновациялық жолына түсті. Қазіргі таңда Қазақстан дүниежүзіндегі қарқынды дамып келе жатқан мемлекеттердің бірі болып табылады. Бұл ретте Қазақстан өзінің тәуелсіздігін одан әрі нығайту мақсатында мемлекеттік құрылымның әр түрлі саласында өркениетті елдердің үлгілеріне сай келетін түбірлі инновациялық жаңаруларды жүзеге асыру кезеңін басынан кешіріп отыр [1].

Біздің алдағы мақсатымыз – елімізде болып жатқан демократиялық сипаттағы саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени салалардағы инновациялық өзгерістердің мәнін жете түсіну үшін ғылыми-әдіснамалық және қолданбалық зерттеулер жүргізу, оларды жүзеге асыру шарттарын анықтау мен оған ғылыми болжам жасау болып табылады.



1 - Сурет – Қазақстанның инновациялық жүйесі

2006-2015 жылдарға арналған Қазақстанның инновациялық жүйесін қалыптастыру және дамыту бағдарламасының нәтижелері [2].

1 – суретте көрсетілгенде 2005 пен 2015 жылмен салыстырғанда 2 есе жалпы өсім байқалады. Бұл өсім 2003-2015 ж. үдемелі индустріалдық-инновациялық жобаның арқасында [2].